

Өзін-өзі реттеу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 390-В ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 31-баптан қараңыз.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерінің өзін-өзі реттеумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың құрылу және жұмыс істеу, оларға мүше болу (қатысу) шарттарын және олардың құқықтық жағдайын айқындайды.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұйымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) жеке мүдделілік – өзін-өзі реттейтін ұйымның және (немесе) оның мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің (қатысушысының), өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдарының құрамына кіретін адамның, еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыс істейтін жеке тұлғаның материалдық және (немесе) өзге де мүдделілігі;

2) кәсіптік қызмет – арнайы даярлық, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алған арнайы теориялық білімді, практикалық икемдер мен дағдыларды иеленуді талап ететін жеке тұлға қызметі;

3) өзін-өзі реттейтін ұйым – қызметтің, саланың, экономикалық қызмет түрлерінің, өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығының ортақтығы қағидаты бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің немесе кәсіптік қызмет субъектілерінің ерікті не міндettі мүшелігіне (қатысуына) негізделген, қауымдастық (одақ), қоғамдық бірлестік нысанындағы немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйым;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары – өзін-өзі реттейтін ұйымның және оның мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын құжат;

5) өзін-өзі реттейтін ұйымның стандарты – өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) бірыңғай және міндettі қағидаттарды, олардың тауарларына (

жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) және қызмет түріне сипаттаманы көп рет пайдалану үшін талаптарды белгілейтін құжат;

6) өзін-өзі реттеу – осы Заңда көзделген, жеке және заңды тұлғалардың өздері жүзеге асыратын, өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын бекітуге, олардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ өзін-өзі реттеу субъектілерінің мүліктік жауаптылығын қамтамасыз етуге негізделген кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметті өз бетінше реттеуге бағытталған шаралар кешені;

7) өзін-өзі реттеудегі мұдделер қақтығысы – мүшелердің (қатысушылардың), өзін-өзі реттейтін ұйыммен еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жеке мұдделілігі өздерінің кәсіптік (мүшелік) міндеттерін орындауға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және (немесе) өзін-өзі реттейтін ұйымның заңды мұдделеріне зиян келтіруге немесе мұндай қайшылықтың туындау қаупіне алып келетін осындай жеке мұдделілік пен өзін-өзі реттейтін ұйымның заңды мұдделері арасында қайшылықтың туындауына әкеп соқтыратын жағдай;

8) өзін-өзі реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) өзін-өзі реттеу субъектілері – өзін-өзі реттейтін ұйымдар, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мүшелері (қатысушылары);

10) өтемакы қоры – өзін-өзі реттейтін ұйым, оның мүшелерінің (қатысушыларының) тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындаған жағдайларда кепілдік төлемдерді жүзеге асыру үшін өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін қалыптастыру көздерінен жинақталған ақша;

11) реттеуші мемлекеттік органдар – өзін-өзі реттеу енгізілген немесе оны енгізу жоспарланған, жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Өзін-өзі реттеу түрлері және оны енгізу

1. Өзін-өзі реттеу ерікті немесе міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделеді.
 2. Ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет салаларындағы мемлекеттік реттеумен қатар өзін-өзі реттеу субъектілеріне және олардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардан жоғары талаптар белгілене отырып қолданылады.
 3. Кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласындағы міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу осы Заңда айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдары негізінде мемлекеттік функцияларды іске асырумен не мемлекеттік органдар орындастын белгілі бір функцияларды беру қажеттігімен үштасатын қызмет салаларына енгізіледі.
- Кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласына міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген жағдайда, ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген, қоғамдық бірлестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған өзін-өзі реттейтін ұйым үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен өзге ұйымдық-құқықтық нысан белгіленеді.
4. Міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу үшін реттеуші мемлекеттік орган және мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өздері әзірлейтін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.
- Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе нақты айқындалған проблемаларды шешу үшін реттеудің баламалы тәсілдерін бағалау арқылы міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттыру реттеушілік әсерді талдаудың мақсаты болып табылады.
- Реттеушілік әсерді талдау міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін жүргізіледі.
- Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді қолдану тиімділігіне қарай оның енгізілуі, күші жойылуы немесе өзгеше тәсілмен қайта қаралуы мүмкін.
- 4-1. Кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласындағы міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу бұл салада Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан басқа, ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдар және (немесе) кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет субъектілері міндettі түрде мүшесі болатын өзге де коммерциялық емес ұйымдар жұмыс істеген жағдайда ғана енгізіледі.
5. Өзін-өзі реттейтін ұйымдарды ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласында құруға болмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

4-бап. Өзін-өзі реттеудің негізгі мақсаттары мен қағидаттары

1. Мыналар:

- 1) отандық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) отандық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 3) нарықта қатысуышылардың тұтынушылар алдындағы жауаптылығын күшайту;
- 4) өзін-өзі реттеу субъектілерінің реттеуші мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру өзін-өзі реттеудің негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Өзін-өзі реттеудің жалпы қағидаттары мыналар:

- 1) зандылық – барлық мұдделі тұлғалар құқықтарының сақталу шартымен осы Занға және Қазақстан Республикасының өзге де зандарына сәйкес өзін-өзі реттеуді енгізу және жүзеге асыру;
- 2) теңдік – өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысуышыларының) тең құқықтары мен міндеттерінің болуы;
- 3) өзін-өзі қаржыландыру – мүшелік журналар және Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынбаған өзге де көздер негізінде өзін-өзі реттейтін ұйым қызметін қаржыландыру;
- 4) жауаптылық – өзін-өзі реттейтін ұйымдардың осы Занға және Қазақстан Республикасының өзге де зандарына сәйкес осы өзін-өзі реттейтін ұйымдар мүшелерінің (қатысуышыларының) әрекеттерімен келтірілген залал үшін үшінші тұлғалар алдында мүліктік жауаптылықта кепілдік беру тетіктерін пайдалануы;
- 5) қызметтің ашықтығы – мұдделі тұлғалар үшін ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етіле отырып, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың барынша ашық қызметі;
- 6) беделге тәуелділік (беделдік тәуелділік) – өзін-өзі реттейтін ұйымдар мүшелерінің (қатысуышыларының) өздерінің іскерлік және кәсіптік беделіне тәуелділігі;
- 7) өзара көмек және мұдделерді қорғау – өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өздерінің мүшелеріне (қатысуышыларына) көмек көрсетуі, сондай-ақ олардың мұдделерін қорғауы ;
- 8) тәуелсіздік – Қазақстан Республикасының зандарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметіне араласуға жол бермеу;
- 9) адал бәсекелестік болып табылады.

3. Ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеудің негізгі қағидаттары мыналар:

- 1) бірігу еркіндігі – адамдардың өзін-өзі реттейтін ұйымға ерікті түрде бірігуі үшін тандау;

2) саланың ортақтығы – өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), технологияның, өндіріс объектілерінің жұмыс істеу циклі кезеңінде үқастығы (үқас немесе сабактас сипаттамалар) тән қызмет түрлерінің ортақтық белгісі бойынша кәсіпкерлердің бірігуі болып табылады.

4. Міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеудің негізгі қағидаттары мыналар:

1) тиімділік – мемлекеттік реттеу кезінде қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді кол жеткізуі қамтамасыз еткен жағдайда ғана өзін-өзі реттеуді енгізу жүзеге асырылады;

2) қайталауды болғызбау – өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты қосарланған бақылауды болғызбау мақсатында мемлекеттік органдар мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар құзыретінің аражігін нақты ажырату болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзін-өзі реттеуді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

3) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4-1) ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйыммен қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-бап. Реттеуші мемлекеттік органдардың құзыреті

Реттеуші мемлекеттік органдар:

1) өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және үәкілетті органмен келіседі;

2) реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асырады;

3) тиісті аядағы (саладағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізеді;

4) міндетті немесе ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келіседі;

4-1) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша тұтынушылардың тұтынушылық дауларды қарау жөніндегі қызметті тиімсіз жүзеге асыратын өзін-өзі реттейтін ұйымдарға қатысты шағымдарын қарайды;

4-2) ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйыммен қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасасады;

4-3) өзін-өзі реттеуді дамыту жөніндегі шаралар кешенін, оның ішінде үәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының негізделген ұсыныстарын ескере отырып әзірлейді және бекітеді;

5) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

8-бап. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен өзара іс-қимылы

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың және олардың мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен заңды мүдделерін олар өтініш білдірген

жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттерде білдіреді, қорғайды;

2) кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің міндепті мүшелігіне (қатысуына) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген кезде, реттеуші мемлекеттік органдар жүргізген реттеушілік әсерді талдау түйіндерімен келіспеген жағдайда реттеушілік әсерге балама талдау жүргізеді;

3) кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын әзірлеуге жәрдемдеседі, сондай-ақ міндепті мүшелікке (қатысуға) негізделген кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарына қорытынды ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына келіп түсетін, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың және олардың мүшелерінің (қатысушыларының) қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдарға сараптама жүргізу үшін жібереді;

5) кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) арасында, сондай-ақ олар мен өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар, өзге де тұлғалар арасында туындаитын дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік қызметтерін көрсетеді;

6) "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдарды Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүйесінде аккредиттеуді жүзеге асырады.

3-тaraу. ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТИ

9-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымды құру және оның қызметін тоқтату

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлғалардың бастамасымен не Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес құрылады және қызметін тоқтатады.

Өзін-өзі реттейтін ұйым "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген негізде және тәртіппен ерікті немесе мәжбүрлі түрде таратылуы мүмкін.

2. Мүшелікті (қатысуды) иелену және жоғалту шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының зандарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында айқындалады.

Міндепті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу кезінде олардың мүшелерінің (қатысушыларының) санына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленеді.

3. Міндегі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым таратылған жағдайда, оның мүшелері (қатысушылары) үш ай ішінде міндегі мүшелікке (қатысуға) негізделген басқа өзін-өзі реттейтін ұйымға кіру жарнасын төлемей кіруге міндепті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде мұнданы мүшелер (қатысушылар) кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін бастау, сол сияқты тоқтату үшін негіз бұл туралы реттеуші мемлекеттік органға жіберілген хабарлама болып табылады.

Хабарламаны жіберу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Хабарлама жіберілгенен кейін екі ай ішінде өзін-өзі реттейтін ұйым реттеуші мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның осы Заңда көзделген мәліметтерді қамтитын жарғысы ;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымда өз мүшелері (қатысушылары) өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауаптылықты қамтамасыз етудің бір немесе бірнеше тәсілдері бар екенін растайтын құжаттар.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен алып тастау:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен ерікті түрде алып тастау, өзін-өзі реттейтін ұйымды тарату немесе өзін-өзі реттейтін ұйымды бірігу, қосу, бөлу немесе бөліп шығару нысанында жүргізілген қайта ұйымдастыру туралы шешімдері;

2) міндегі мүшелікке (қатысуға) негізделген, бір өзін-өзі реттейтін ұйым әрекет ететін саладағы өзін-өзі реттеуді қайта қарайтын не оның күшін жоятын Қазақстан Республикасының заңын қабылдау;

3) осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген құжаттардың екі ай мерзімде ұсынылмауы;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін тоқтату және оны өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен шығару туралы занды күшіне енген сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе, өзін-өзі реттейтін ұйымды өзге негіздер бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен алып тастауға жол берілмейді.

6. Реттеуші мемлекеттік органның өзін-өзі реттейтін ұйымды өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен шығару туралы шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Реттеуші мемлекеттік органның өзін-өзі реттейтін ұйымды өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен шығару туралы шешіміне шағым жасау осы шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

10-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның құрылтай құжаттары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның құрылтай құжаттары жарғы және (немесе) құрылтай шартты болып табылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы мен мақсаттары;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысуши) болуға қабылдау және оған мүше болуды (қатысуды) тоқтату шарттары мен тәртібі;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның ұйымдық құрылымы;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдарының құрылымы, қалыптастыру тәртібі, құзыреті және өкілеттіктерінің мерзімдері, өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының орналасқан жері;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым органдарының, мүшелерінің (қатысуышыларының) есептілік мерзімдері және олардың қызметін бақылау тәртібі;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымның және оның мүшелерінің (қатысуышыларының) құқықтары мен міндеттері, оның ішінде өздері қабылдайтын қағидалар мен стандарттарды орындау міндеттілігі;

7) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін қалыптастыру көздері, оның органдарының мүлікті басқару бойынша құқықтары;

8) жарналарды енгізу, оларды нысаналы пайдалану және бұл туралы есептілік тәртібі;

9) өз мүшелеріне (қатысуышыларына) ақшаның түсі мен жұмсалуы туралы ақпарат беру тәртібі;

10) өзін-өзі реттейтін ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі;

11) өзін-өзі реттейтін ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау, ол таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі көзделуге тиіс.

3. Құрылтай шарты – құрылтайшылардың өзін-өзі реттейтін ұйымды құру туралы келісімі, онда оны құру бойынша бірлескен қызметтің тәртібі, өз мүлкін оның меншігіне (жедел басқаруға) беру және оның қызметіне қатысу шарттары айқындалады. Егер Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы зандараменда өзгеше көзделмесе, онда өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін басқару, құрылтайшылардың оның құрамынан шығу шарттары мен тәртібі де белгіленеді.

4. Құрылтайшылардың келісімі бойынша құрылтай шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін басқа да шарттар енгізілуі мүмкін.

Құрылтай шартына барлық құрылтайшылар немесе олар уәкілеттік берген адамдар қол қояды.

5. Құрылтай құжаттары өзін-өзі реттейтін басқа ұйымдарға мүшелікті (қатысадан) шектеулерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де ережелерді көздеуі мүмкін.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

11-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі – өзін-өзі реттейтін ұйымдардың деректемелері, олар жүзеге асыратын қызмет түрлері, олардың филиалдары туралы мәліметтерді қамтитын, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген хабарламалардың негізінде қалыптастырылатын өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізбесі.

2. Мемлекеттік органдар өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру үшін хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы ақпаратты олардан көрсетілген ақпаратты растауды қосымша талап етпей алуға міндетті.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, мемлекеттік органдарға жұмыста пайдалану үшін электрондық анықтама нысанында беріледі.

12-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары

Өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары мыналар:

- 1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы;
- 2) өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы;
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның бақылау органы (ревизиялық комиссиясы) болып табылады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымда алқалы басқару органдарының функцияларын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы жүзеге асыруы мүмкін.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдарының басшылары мен мүшелерін сайлау мерзімдері мен тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

13-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да зандарымен және өз жарғысымен құзыретіне жатқызылған, өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің мәселелерін қарауға өкілетті, өзін-өзі реттейтін ұйымның жоғары басқару органы болып табылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы өз жарғысында белгіленген мерзімділікпен және тәртіппен, бірақ жылына бір реттен сиретпей шақырылады.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне мынадай:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысын бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының басшыларын және мүшелерін сайлау, көрсетілген органдың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе басшыларының не оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының функцияларын жүзеге асыратын адамдарды лауазымға тағайындау, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босату, сол сияқты атқарушы басқару органын құру және оның өкілеттіктерін тоқтату;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен өзін-өзі реттейтін ұйымның бақылау органының (ревизиялық комиссиясының) мүшелерін сайлау;

5) ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібі мен негіздерін, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болу (қатысу) шарттарын бұзуды туралы істерді қарау тәртібін бекіту;

6) өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаттарын айқындау;

7) алқалы басқару органының, атқарушы басқару органының, бақылау органының (ревизиялық комиссиясының) және мамандандырылған органдардың есептерін өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен және мерзімділікпен бекіту;

8) өзін-өзі реттейтін ұйымның бюджетін бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, өзін-өзі реттейтін ұйымның жылдық қаржылық есептілігін бекіту ;

9) өзін-өзі реттейтін ұйымды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау, таратушыны немесе тарату комиссиясын тағайындау;

10) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінен (қатысушыларынан) шығарып тастаудың негіzsіздігіне адамдардың өтініштерін қарау;

11) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын бекіту;

12) өзін-өзі реттейтін ұйымның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін жүргізуін тексеру үшін аудиторлық ұйымды тағайындау;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына және өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау мәселелері жатады.

4. Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы өзінің алқалы басқару органының функцияларын жүзеге асырған жағдайда, өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыштары үш айда бір реттен сиретпей өткізіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

14-бап. Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышын шақыру тәртібі

1. Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыштары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Өзін-өзі реттейтін үйым жыл сайын өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналышын өткізуге міндettі. Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) өзге жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.

Өзін-өзі реттейтін үйымның, оның ішінде өзін-өзі реттейтін үйымның құрылтайшылары болып табылатын мүшелері (қатысушылары) өзара тең, олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.

Өзін-өзі реттейтін үйым мүшесінің (қатысушысының) дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде өзін-өзі реттейтін үйымның басқа мүшесіне (қатысушысына) беруге занды өкіліне ғана жол беріледі.

Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) бірінші жалпы жиналышы өзін-өзі реттейтін үйымдардың тізлімінен міндettі немесе ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйым қызметінің жүзеге асырылуының басталғаны туралы қабылданған хабарлама жөнінде үзінді көшірме алынғаннан кейін екі ай ішінде шақырылуға және өткізілуге тиіс.

Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) бірінші жалпы жиналышында өзін-өзі реттейтін үйымның алқалы басқару органы сайланады, өзін-өзі реттейтін үйымның атқарушы басқару органы тағайындалады, өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысы бекітіледі. Шешім өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) айқын басым көпшілігімен қабылданады, бұл өзін-өзі реттейтін үйымның дауыс беретін мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы санының үштен екісін құрайды.

Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) бірінші жалпы жиналышы олар бойынша шешімдер қабылдау өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарauғa құқылы.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жыл сайынғы жалпы жиналышында:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның жылдық қаржылық есептілігі;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдарының өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) алдындағы есебі бекітіледі.

Мұндай мәселелер бойынша шешім өзін-өзі реттейтін ұйымның дауыс беретін мүшелерінің (қатысушыларының) қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналышы олар бойынша шешімдер қабылдау өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналышы қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде өткізууге тиіс. Өзін-өзі реттейтін ұйымның есепті кезеңдегі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім екі айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналышын – өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы, ал ол болмаған жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы шақырады.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналышы:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының;

3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша шақырылады.

Қазақстан Республикасының зандарында, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналышын шақырудың өзге де жағдайлары көзделуі мүмкін.

6. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышын дайындау мен өткізуді:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышын дайындау мен өткізуді өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы жүзеге асырады.

7. Егер өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында өзгеше көзделмесе, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышын шақыру, дайындау мен өткізу бойынша шығыстарды өзін-өзі реттейтін ұйым көтереді.

8. Өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналысын шақырудың осы Занда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

15-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдары өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) – жеке тұлғалардың және (немесе) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) – занды тұлғалар өкілдерінің арасынан қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының зандарында немесе өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында көзделген жағдайларда, өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдына тәуелсіз мүшелер кіруі мүмкін.

Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болумен (қатысумен) байланысы жоқ және өзін-өзі реттейтін ұйыммен, оның мүшелерімен (қатысушыларымен) еңбек қатынастары жоқ адам тәуелсіз мүше деп есептеледі.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қақтығысы туралы жазбаша нысанда мәлімдеуге міндетті.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қақтығысы және осыған байланысты өзін-өзі реттеу субъектілерінің занды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы туралы мәлімдеу міндетін бұзған жағдайда, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы осы мүшенің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының сандық құрамы, қалыптастыру, қызмет ету, шешімдер қабылдау, өкілеттіктерін тоқтату тәртібі мен шарттары өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленеді.

6. Өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының құзыретіне мынадай мәселелер:

1) алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олардың қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының қызметіне тексерулер жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының лауазымына тағайындау және оларды лауазымынан босату үшін кандидатты не кандидаттарды ұсыну;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым құрған төрелікте өтініштері бойынша қаралатын дауларға қатысушылардың тандауы үшін, кандидатуралары төрешілер ретінде ұсынылуы мүмкін адамдардың тізбесін бекіту;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында көзделген негіздер бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болып кіру немесе өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) қатарынан шығару туралы шешім қабылдау;

7) өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында көзделген өзге де мәселелер жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мәселелер өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысымен өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

16-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органдары

Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органдарының құзыретіне өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының және оның алқалы басқару органдарының құзыретіне жатпайтын, өзін-өзі реттейтін ұйымның шаруашылық және өзге де қызметінің кез келген мәселелері жатады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органдары өкілеттіктерінің мерзімі оның жарғысында белгіленеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органдары үш жылда бір реттен сиретпей тағайындауға жатады.

17-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мамандандырылған органдары

1. Мыналар:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын орган;

2) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болу (қатысу) шарттарын бұзғаны туралы істерді қарау жөніндегі орган;

2-1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері (қатысушылары) мен тұтынушылар және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де тұлғалар арасында туындастын тұтынушылық дауларды қарау жөніндегі орган;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына және (немесе) өзін-өзі реттейтін үйымның құрылтай құжаттарына сәйкес өзін-өзі реттейтін үйымның өзге де мамандандырылған органдары өзін-өзі реттейтін үйымның мамандандырылған органдары болып табылады.

2. Өзін-өзі реттейтін үйымның мамандандырылған органдары өзін-өзі реттейтін үйымның алқалы басқару органы бекіткен ереженің негізінде жұмыс істейді және өз функцияларын дербес жүзеге асырады.

3. Өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысуышыларының) өзін-өзі реттейтін үйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, мүше болу (қатысу) шарттарын бұзғаны туралы істерді қарау жөніндегі орган өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысуышыларының) қағидалар мен стандарттардың талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын орган жүргізген тексерулердің, өзін-өзі реттейтін үйым мүшелерінің (қатысуышыларының) әрекеттеріне шағымдарды қарау нәтижелері бойынша өзін-өзі реттейтін үйымның алқалы басқару органына оның мүшелеріне (қатысуышыларына) қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсынымдар жібереді.

4. Өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелеріне (қатысуышыларына) қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарау жөніндегі орган өзін-өзі реттейтін үйымның алқалы басқару органына ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсынымдарды жібереді

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.06.2020 № 346-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Өзін-өзі реттейтін үйымның құқықтары

Өзін-өзі реттейтін үйымның:

1) өз мүшелерінің (қатысуышыларының) құқықтары мен мүдделерін, олар өтініш білдірген жағдайда білдіруге және қорғауга, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда олардың өкілдері болуға;

2) өзін-өзі реттеу субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қабылданған нормативтік-құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

4) дауларды сотта және сотқа дейінгі шешүгеге, оның ішінде төрелікке қатысуға;

5) мүшелік журналарды жинауға және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздерден өзін-өзі реттейтін үйымның мүлкін қалыптастыруға;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметкерлерін, мүшелерін (қатысушыларын) кәсіптік оқытуды, аттестаттау жүргізу ді ұйымдастыруға;

7) алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) олардың өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болу (қатысу) шарттарын сақтауы бөлігінде бақылауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында көзделген ықпал ету шараларын өз мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты қолдануға;

10) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасын бұзған адамдарды жауаптылықта тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

11) өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

12) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан өзіне Қазақстан Республикасының заңдарында жүктелген функцияларды орындауы үшін қажетті ақпаратты алуға;

13) өзін-өзі реттеу субъектілерінің қызметін реттейтін реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуға;

14) өзін-өзі реттеу нысанына қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстарды реттеуші мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге құқығы бар.

Ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның әзірленіп жатқан қағидалар мен стандарттарды реттеуші мемлекеттік органмен келісуге құқығы бар.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның Қазақстан Республикасының заңдарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген өзге де құқықтары бар.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

19-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысын және өзі қабылдаған қағидалар мен стандарттарды сақтауға;

2) өкілеттіктері шегінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға;

3) мүшелерінің (қатысушыларының) арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге;

4) мүшелеріне (қатысушыларына) ақшаның түсіі және жұмсалуы туралы ақпарат беруге;

5) өз қызметінің және өз мүшелері (қатысушылары) қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге;

5-1) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) үшін міндettі қағидалар мен стандарттарды әзірлеуге және бекітуге;

6) міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қағидалар мен стандарттарды реттеуші мемлекеттік органмен келісуге;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында немесе өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен, кейіннен реттеуші мемлекеттік органдарға бере отырып, өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметіне олар өзін-өзі реттейтін ұйымға есептер нысанында ұсынатын ақпараттың негізінде талдауды жүзеге асыруға;

8) мүшесінің (қатысушының) Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын бұзушылықтары, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында немесе өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен реттеуші мемлекеттік органның назарына жеткізуге;

9) тұтынушылардың келіп түскен өтініштері және оларды қарау нәтижелері туралы ақпаратты тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның назарына жеткізуге;

10) өз мүшелері (қатысушылары) туралы жаңартылған ақпаратты тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға және Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірынғай ақпараттық жүйесіне беруге;

11) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) мен тұтынушылар және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де тұлғалар арасында туындаған тұтынушылық дауларды қарау жөніндегі орган құруға міндettі.

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында өзін-өзі реттейтін ұйымның өзге де міндettтері белгіленуі мүмкін.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым өзін-өзі реттеудегі мұдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын қызметті жүзеге асыруға және әрекеттерді жасауға құқылы емес.

3. Міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда осы Заңның 28-бабының 1-тармағында көзделген мүліктік жауаптылықты қамтамасыз ету тәсілдерінің біреуін немесе бірнешеуін пайдалану арқылы өзінің міндettемелері және өз мүшелерінің (қатысушыларының) міндettемелері бойынша жауапты болады.

4. Қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым осы Заңның 28-бабының 1-тармағында көзделген мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің бір немесе бірнеше тәсілдерін пайдалану арқылы өз міндettемелері және өз мүшелерінің (қатысушыларының) міндettемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жауап береді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.06.2020 № 346-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

20-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым барлық мүшелерінің (қатысушыларының) орындауы үшін міндettі, мынадай мақсаттарды қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар мен стандарттарды әзірлейді және бекітеді:

- 1) мүшелеріне (қатысушыларына) қойылатын талаптарды айқындау;
- 2) мүшелері (қатысушылары) өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен қауіпсіздігін арттыру;
- 3) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу;
- 4) шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 5) мүліктік жауаптылықты қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану;
- 6) мүшелерінің (қатысушыларының) мүдделерін қорғау.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарының қабылдануы, мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде өзін-өзі реттеу субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

3. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген, кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттары бекітілгенге дейін қорытынды алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлік қызмет саласындағы, міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын олардың мазмұнының осы Заңның 24, 25 және 26-баптарында көзделген талаптарға сәйкестігі түрғысынан қарайды.

Қағидалар мен стандарттарға қорытынды беру мерзімі олар Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайды.

Белгіленген мерзімдерде қорытынды берілмеген жағдайда қорытынды алынды деп есептеледі.

Міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісуді не келісуден бас тартуды реттеуші мемлекеттік органдар олар келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Реттеуші мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап бермеген жағдайда, міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттары келісілді деп есептеледі.

6. Қағидалар мен стандарттар міндettі түрде өзін-өзі реттейтін ұйымның интернет-ресурсында орналастыруға және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға жатады.

Заңмен қорғалатын құпияны қамтидындарын қоспағанда, толық жазылмаған қағидалар мен стандарттарды жариялауға жол берілмейді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

20-1-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларына қойылатын талаптар

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында мыналар:

1) жалпы ережелер (өзін-өзі реттейтін ұйымның атауы, терминдер мен анықтамалар);

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қойылатын жалпы талаптар, мүшелердің (қатысушылардың) кәсіби мінез-құлық қағидалары;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның және оның мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін ұйымдастыру тәртібі;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жауапкершілігі және оған тарту тәртібі;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) жаза қолдану, оларды алу және шағым жасау тәртібі;

7) мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу жөніндегі шаралар;

8) өзін-өзі реттейтін ұйымның атына келіп түсken, оның мүшелеріне (қатысушыларына) берілген шағымдар туралы реттеуші мемлекеттік органға хабар беру тәртібі;

9) мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету шараларын пайдалану тәртібі;

10) дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі;

11) қорытынды ережелер (қағидаларды қолданысқа енгізу, қайта қарау және күшін жою тәртібі) көзделуге тиіс.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары іскерлік әдеп қағидаларының талаптарына сәйкес келуге, өзін-өзі реттеудегі мүдделер қақтығысын жоюға немесе азайтуға тиіс.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары жосықсыз бәсекелестікке, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мен өзге де тұлғаларға моральдық зиян немесе нұқсан келтіретін әрекеттер, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің (қатысушысының) іскерлік беделіне не өзін-өзі реттейтін ұйымның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға кедергі келтіретін талаптарды белгілеуге тиіс.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында өзін-өзі реттейтін ұйым өз бетінше айқындайтын өзге де ережелер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 20-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

20-2-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның стандарттарына қойылатын талаптар

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның стандартында:

1) жалпы ережелер (мақсаты мен қолданылу саласы, нормативтік сілтемелер, терминдер мен анықтамалар (бар болса), жалпы мақсаттары мен қағидаттары, өнімге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар);

2) өнімнің, процестер мен көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамалары, процестерді орындау, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру, өнімді өндіру және өткізу тәртібі;

3) қорытынды ережелер (стандарттарды қолданысқа енгізу, қайта қарау және күшін жою тәртібі) көзделеді.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның стандарты Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның стандартында өзін-өзі реттейтін ұйым өз бетінше айқындайтын өзге де ережелер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 20-2-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

21-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшес болу (қатысу)

1. Өзін өзі реттейтін үйымға мүше болу (қатысу) ерікті негізде не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда міндетті негізде болуы мүмкін, ол кәсіптік немесе кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға не өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығына рұқсат берудің міндетті шарты болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері (қатысушылары) болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіптік қызметпен айналысуға құқығы бар жеке тұлғалар кәсіптік қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері (қатысушылары) болып табылады.

4. Өзін-өзі реттейтін үйымға мүше (қатысушы) болуға қабылдау және мүшелікті (қатысады) тоқтату шарттары мен тәртібі өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Өзін-өзі реттейтін үйымға мүше (қатысушы) болуға қабылдаудан бас тарту, мүшеліктен (қатысадан) шығару туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға болады.

5. Өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері (қатысушылары) өз дербестігі мен жеке және заңды тұлғаның құқықтарын сақтап қалады.

6. Өзін-өзі реттейтін үйымдардың құрылтайшылары мен мүшелері (қатысушылары) тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Өзін-өзі реттейтін үйымға жарналар

1. Өзін-өзі реттейтін үйым міндетті жарналардың мынадай түрлерін белгілеуге құқылы:

1) өзін-өзі реттейтін үйымға мүшелікке (қатысуға) кіру кезінде төленетін кіру жарналары;

2) тұрақты мерзімді негізде төленетін мүшелік жарналар.

Жарналар өзін-өзі реттейтін үйымның меншігі болып табылады, олардың мөлшері және оларды жинау тәртібі өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Кіру жарнасының мөлшері мүшелік жарнаның мөлшерінен аспауға тиіс.

Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйым үшін кіру және мүшелік жарналардың болмауы немесе болуы, сондай-ақ олар болған жағдайда шекті мөлшерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

23-бап. Өзін-өзі реттейтін үйымның ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуі және өзін-өзі реттейтін үйымның ақпаратты оның құқыққа сыйымсыз пайдаланылуынан қорғауы

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым өзінің интернет-ресурсында орналастыру және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат күралдарында жариялау арқылы мынадай:

- 1) өз мүшелерінің (қатысушыларының) құрамы туралы;
- 2) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар және өзге де тұлғалар алдындағы жауаптылығын қамтамасыз ету шарттары, тәсілдері мен тәртібі туралы;
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйымға өзінің мүше болуын (қатысуын) тоқтатқан мүшелер (қатысушылар) және олардың мүше болуын (қатысуын) тоқтату негіздері туралы;
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болу (қатысу) шарттары туралы;
- 5) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының мазмұны туралы;
- 6) өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары мен мамандандырылған органдарының құрылымы мен құзыреті, өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органдарының, атқарушы басқару органдарының сандық және дербес құрамы туралы, өзін-өзі реттейтін ұйымның жеке-дара атқарушы басқару органдарының функцияларын жүзеге асыратын тұлға туралы;
- 7) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы және өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы қабылдаған шешімдер туралы ;
- 8) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) Қазақстан Республикасы заңнамасының, өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықта тарту жағдайлары туралы (мұндай ақпарат болған кезде);
- 9) өзін-өзі реттейтін ұйым соттарға берген кез келген талап-арыздар мен арыздар туралы;
- 10) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) қызметіне өзін-өзі реттейтін ұйым жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы;
- 11) өзін-өзі реттейтін ұйымның жылдық қаржылық есептілігі және Қазақстан Республикасының заңдарында мұндай аудиттің міндеттілігі белгіленген жағдайларда оның аудитінің нәтижелері туралы;
- 12) өзін-өзі реттейтін ұйым өтемақы қорын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар және өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауаптылығын қамтамасыз ету тәсілі ретінде қолданған жағдайда, өзін-өзі реттейтін ұйымның өтемақы қорының мөлшері туралы ақпаратқа, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар және өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауаптылығын қамтамасыз ету мақсатында өзін-өзі реттейтін ұйымның өтемақы қорынан төлемдерді

жүзеге асыру фактілері туралы және егер осындағы төлемдер жүзеге асырылған болса, мұндай төлемдердің негіздері туралы ақпаратқа;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) өзін-өзі реттейтін үйымның құжаттарында көзделген өзге де ақпаратқа қол жеткізуі қамтамасыз етуге міндетті.

2. Өзін-өзі реттейтін үйым өз қызметкерлерінің ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалануы өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелеріне (қатысушыларына) моральдық зиян және (немесе) мүліктік залал келтіруі немесе осындағы зиян және (немесе) залал келтіруге алғышарттар жасауды мүмкін ақпаратты алу, пайдалану, өндіреу, сақтау және қорғау тәсілдерін көздеуге тиіс.

3. Өзін-өзі реттейтін үйым өз қызметкерлерінің қызмет бабына байланысты өздеріне белгілі болған ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалануымен байланысты әрекеттері үшін өз мүшелерінің (қатысушыларының) алдында жауапты болады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында сәйкес өзін-өзі реттейтін үйым ақпаратты ашып көрсету жөніндегі міндеттерін орындағаны және (немесе) тиісінше орындағаны үшін жауапты болады.

24-бап. Өзін-өзі реттеудегі мұдделер қақтығысы

1. Өзін-өзі реттеудегі мұдделер қақтығысын болғызбау мақсатында өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері (қатысушылары), өзін-өзі реттейтін үйымның басқару органдарының құрамына кіретін адамдар, оның қызметкерлері өзін-өзі реттейтін үйымның мұдделерін ең алдымен оның қызметінің мақсаттарына қатысты сақтауға міндетті және өздерінің кәсіптік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға немесе мұндай мүмкіндіктерді өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысында көрсетілген мақсаттарға қайшы келетін мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге тиіс.

2. Өзін-өзі реттеудегі мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу жөніндегі шаралар өзін-өзі реттейтін үйымның жарғысында, қағидалары мен стандарттарында белгіленеді.

25-бап. Өзін-өзі реттейтін үйымның өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін бақылауы

1. Өзін-өзі реттейтін үйым тексерулерді жүзеге асыру арқылы өз мүшелерінің (қатысушыларының) өзін-өзі реттейтін үйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, өзін-өзі реттейтін үйымға мүше болу (қатысу) шарттарын сақтау бөлігінде кәсіптік немесе кәсіпкерлік қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

2. Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелеріне (қатысушыларына) тексерулерді үйымдастыру мен жүргізу тәртібі реттеуші мемлекеттік орган келіскең, өзін-өзі реттейтін үйымның қағидаларында белгіленеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында реттеуші мемлекеттік органға өзін-өзі реттейтін ұйымның атына оның мүшелеріне (қатысушыларына) келіп түскен шағымдар туралы ақпарат беру тәртібі көзделеді.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің (қатысушысының) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын не Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны туралы шағым тексеру жүргізу үшін негіз болуы мүмкін.

Тексеру жүргізу барысында шағымда көрсетілген фактілер ғана зерттеуге жатады.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі (қатысушысы) тексеру жүргізу үшін өзін-өзі реттейтін ұйымның сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты өзін-өзі реттейтін ұйым айқындайтын тәртіппен беруге міндетті.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйым, сондай-ақ оның тексеру жүргізуге қатысатын қызметкерлері мен лауазымды адамдары оны жүргізу барысында алған мәліметтерді жария етпеуге және таратпауға жауапты болады.

6. Тексеру нәтижесінде тексерілетін мүшенің (қатысушының) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын, оған мүше болу (қатысу) шарттарын, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар фактісі анықталған жағдайда, ұйымның басшы адамдары, өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарау жөніндегі органның мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, анықталған бұзушылықтарды жою, олардың алдын алу, адамдардың өміріне, денсаулығына ықтимал зиян келтіруді және қоршаган ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне нұқсан келтіруді болғызбау, сондай-ақ бұзушылықтарға жол берген адамдарды осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шараларды қолдану мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын болса, өзін-өзі реттейтін ұйымның тексерулерді жүзеге асыратын басшылары мен қызметкерлері және өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарау жөніндегі органның мүшелері шаралар қолдану үшін анықталған бұзушылықтар туралы тиісті мемлекеттік органдарға дереу хабарлауға міндетті.

7. Өзін-өзі реттейтін ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен өз мүшелерінің (қатысушыларының) алдында өзін-өзі реттейтін ұйым қызметкерлерінің өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) қызметіне бақылауды жүзеге асырған кездегі құқыққа сыйымсыз әрекеттері үшін жауапты болады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

26-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жауаптылығы

1. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, өзін-өзі реттейтін ұйым жарғысының, қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін оның мүшесі (қатысушысы) Қазақстан Республикасының заңдарына, өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) жазаларды қолдану, алып тастау және оларға шағым жасау тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысы мен қағидаларында айқындалады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) теріс қылыш жасағаны үшін бір ғана жаза қолдануға болады.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары талаптарының бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының құзыретіне жатады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында реттеуші мемлекеттік органдардың өзін-өзі реттейтін ұйымға іс жүргізуді қозғау туралы ұсынуды енгізу құқығы көзделген жағдайларда, оны қарау олардың өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Қарау уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген осы өкілдің келмей қалуы іс жүргізуді жүзеге асыруға кедергі болмайды.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының жаза қолдану туралы шешіміне өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі (қатысушысы) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

6. Егер жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде мүшеге (қатысушыға) жаңа жаза қолданылмаса, онда ол жаза қолданылмаған деп есептеледі.

27-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін қалыптастыру көздері

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін қалыптастыру көздері:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) міндетті жарналары;

2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;

3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) кәсіпкерлік қызметіне, коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат;

4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) кәсіпкерлік қызметіне, коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты ақпараттық материалдарды сатудан алынған қаражат;

4-1) банктік шот және банктік салым шарттары талаптарымен екінші деңгейдегі банктерде ақшаны орналастырудан алынған кірістер;

5) занда тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда, өзін-өзі реттейтін ұйымның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін жүргізу міндettі аудитке жатады.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

28-бап. Мұліктік жауаптылықты қамтамасыз ету тәсілдері

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым мұліктік жауаптылықты, оның ішінде өзінің және өз мүшелерінің (қатысушыларының) өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар және өзге де тұлғалар алдындағы мұліктік жауаптылығын қамтамасыз етудің мынадай тәсілдерінің біреуін немесе бірнешеуін:

1) өтемақы қорынан төлеу;

2) азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) мұліктік жауаптылыққа тарту;

4) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген, мұліктік жауаптылықты қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін пайдалану арқылы қолданады.

2. Мұліктік жауаптылықты қамтамасыз ету шеңберінде өндіріп алушы қолдану мынадай жағдайлардың бірінде:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым талаптардың негізділігін және өндіріп алушы қанағаттандыру қажеттілігін мойындаған кезде;

2) соттың немесе төреліктің заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Егер Қазақстан Республикасының зандарында немесе өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында өзгеше көзделмесе, мұліктік жауаптылықты қамтамасыз ету шараларын пайдалану тәртібі оның мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы бекіткен, өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында айқындалады.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның өтемақы қорының қарожаты

өзін-өзі реттейтін ұйымның басқа мүлкінен бөлек болады. Өтемақы қорының қарожатын өзін-өзі реттейтін ұйымға тиесілі өзге қарожатпен, сондай-ақ қаржылық есептілікте көрсеткен кезде араластыруға жол берілмейді.

5. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы мұліктік жауаптылығын қамтамасыз ету жөніндегі төлемдерден басқа, өтемақы қорынан кез келген төлемді жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

29-бап. Өзін-өзі реттеудегі мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау мен қадағалау жолымен жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті орган және реттеуші мемлекеттік органдар ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысуышына) мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырған кезде тәуекелдерді бағалау жүйесінде мұндай мүшеліктің (қатысудың) болу фактісін ескереді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29-1-бап. Кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерін өзін-өзі реттеуге өтуге ынталандыру

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың стандарттары Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленеді.

2. Реттеуші мемлекеттік органдар кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерін өзін-өзі реттеуге өтуге ынталандыруды:

1) кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласында ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген және тиісті кәсіпкерлік және (немесе) кәсіптік қызмет түрі субъектілерінің көпшілігін біріктірін өзін-өзі реттейтін ұйымдар жұмыс істеген кезде міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу тұрғысынан реттеушілік әсерге талдау рәсімін жүргізу;

2) ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің (қатысуышыларының) кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметін бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметінің нәтижелерін осындай қызмет нәтижелерін тану туралы келісім негізінде тану;

3) өзін-өзі реттеу нысанасына байланысты мәселелер бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымдарды нормашығармашылықта қатысуға тарту арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерін өзін-өзі реттеуге өтуге ынталандыру жөнінде өзге де шаралар белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 3-тaraу 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарамен.

29-2-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың реттеуші мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметін бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметінің нәтижелерін ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесін (қатысушысын) мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органдары қызмет нәтижелерін тану туралы келісім негізінде тануы мүмкін.

2. Қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасалған жағдайда мемлекеттік бақылау мен қадағалау тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ескеріле отырып, ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты жүзеге асырылады.

3. Қызмет нәтижелерін тану туралы келісім ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйыммен жасалуы мүмкін, оның қафидалары мен стандарттары реттеуші мемлекеттік органмен келісіледі.

4. Егер өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің (қатысушыларының) кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызметін бақылауы бақылау мен қадағалау субъектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі түрғысынан бақылау және қадағалау органды жүзеге асыратын бақылау мен қадағалауға сәйкес келген жағдайда, қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасасуға жол беріледі

5. Қызмет нәтижелерін тану туралы келісімді жасасу және оның қолданысын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның елеулі шарттарын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындауды.

6. Қызмет нәтижелерін тану туралы келісімді ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым елеулі шарттар сақталған және өзі реттеуші мемлекеттік органға жүгінген жағдайда жасайды.

Ескерту. 3-тaraу 29-2-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

30-бап. Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа экеп соғады.

31-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

32-бап. Өтпелі ережелер

Реттеуші мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мүшелікті қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарымен кәсіптік немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің коммерциялық емес ұйымдарға міндettі мүшелігі белгіленген қызмет салаларын осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде оған сәйкес келтіруге бағытталған қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК